

*С.Т.Ыбышова<sup>1</sup>, Д.Р.Жарықбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>п.э.к., аға оқытушы, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>п.э.к., аға оқытушы, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕСІ

*Аңдатпа*

Еліміздің рухани жаңғыруы дәуіріндегі экономикалық жағдайды жандандыру мақсаттары қазіргі уақыттың өзекті мәселелерінің бірі болып тұр. Бұл мәселенің негізі жаһандану үдерісіне Ұлы Жібек жолының тарихи мәнінің әсері зор. Оған дәлел, 1998 жылғы «Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи орталықтарды қайта өркендету, түркітілді мемлекеттердің мәдени дамуының сабақтастығын сақтау, туризм инфрақұрылымын құру» бағдарламасының бекітілуі және 2008 жылы Женевада 19 елдің, оның ішінде Қазақстан, Қытай, Ресей, Түркия мен Иранның министрлері Жібек жолының бір бөлігін қалпына келтіру бойынша көлемді жобаның қабылдануы.

Мақалада Ұлы Жібек жолының қазақстан территориясынан өту тарихы, оның еліміздің экономикасына, ата-бабамыздың халықаралық қатынасқа түсуіне, сауда-саттықтың дамуына тигізген ықпалы қамтылған. Сонымен қатар, Жібек жолы өткен Қазақстандағы ежелгі қалалардың экономикалық дамуы туралы мәліметтер берілген.

**Кілт сөздер:** Ұлы Жібек жолы, экономика, сауда, ақша, территория.

*S.T. Ybyshova<sup>1</sup>, D.R. Zharykbaeva<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer Kazakh National women's teacher training University*

*<sup>2</sup> Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer Kazakh National women's teacher training University*

## ECONOMIC CONTRIBUTION OF THE GREAT SILK ROAD IN THE KAZAKH LAND

*Abstract*

In the era of spiritual modernization of the country, the goal of activating economic situations is one of the urgent problems of modern times.

The basis of this problem is the influence of the historical significance of the activation of the economic situation of the Great silk road on the process of globalization. This is evidenced by the approval of the 1998 program "Revival of historical centers along the great silk road, preservation of continuity of cultural development of Turkic-speaking States, creation of tourism infrastructure" and the adoption in 2008 in Geneva of a large-scale project to restore part of the silk road by the Ministers of 19 countries, including Kazakhstan, China, Russia, Turkey and Iran. The article contains the history of the great silk road on the territory of Kazakhstan, its impact on the country's economy, international relations of our ancestors, and the development of trade. In addition, information about the economic development of ancient cities of Kazakhstan that passed the great silk road is presented.

**Keywords:** silk road, economy, trade, money, territory.

*С.Т.Ыбышова<sup>1</sup>, Д.Р.Жарықбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>к.п.н., старший преподаватель, КазНацЖенПУ  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>к.п.н., старший преподаватель, КазНацЖенПУ  
Алматы қ., Қазақстан*

## ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ВКЛАД ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕ

### *Аннотация*

В эпоху духовной модернизации страны цель активизации экономической ситуации, является одним из актуальных проблем современного времени.

Основой этой проблемы является влияние исторического значения активизации экономической ситуации Великого Шелкового пути на процесс глобализации. Об этом свидетельствуют утверждение программы 1998 года «Возрождение исторических центров вдоль Великого Шелкового пути, сохранение преемственности культурного развития тюркоязычных государств, создание инфраструктуры туризма» и принятие в 2008 году в Женеве масштабного проекта по восстановлению части Шелкового пути министрами 19 стран, в том числе Казахстана, Китая, России, Турции и Ирана.

Статье содержится история прохождения Великого Шелкового пути на территории Казахстана, ее влияние на экономику страны, международные отношения наших предков, развитие торговли. Кроме того, представлены сведения об экономическом развитии древних городов Казахстана, прошедших Великий Шелковый путь.

**Ключевые слова:** Шелковый путь, экономика, торговля, деньги, территория.

Ұлы жібек жолы - Орта Азия халықтарының мәдени байланыстарын қарқынды түрде дамытуға ат салысқан, ежелгі дала мәдениетінің айқын көрінісі болып табылады. Жалпы алғанда «Жібек жолы» қашан пайда болып, қай тұрғыда кәдеге жарады? Қандай аумақтарды басып өтті? Біздің елімізге тигізер әсері қандай? Осы сұрақтар әрқайсымыздың көкейімізде сайрап жатқаны анық.

Ұлы жібек жолы - б.з.б II ғ. Қытайдың Шин-ан атты жерінен бастау алған болатын. Одан кейін Тарым ойпатымен Памирден асып, Орта Азия мен Батыс Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейінгі үлкен аумақты қамтып жатыр. Жалпы ұзындығы 7000 км болып табылады. Соның ішінде еліміздің географиялық аумағы ерекше рөл атқарады. Бұл жолдың еліміздегі географиялық жағдайына қарай, оңтүстік өңірлерде шоғырланған. Мысалы: Отырар, Шаш, Сайрам, Сығанақ сияқты ескі қалалардың гүлденуіне ат салысқан қалалар бірден- бір тарихи маңызы бар керуен жолдары болып табылады. Соның біразына тоқталып өтсек. Негізі кейбір деректерге сүйенсек, керуен жолының Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстан аумағын басып өтуіне мына бір оқиға себеп болған екен.

Пұтқа табынушы, қазы Сюань- Цзань 629 жылы «Будданың қасиетті қалдықтарын көзбен көру және дін ілімінің шыңын зеріттеу үшін» атты ғылыми тәжірбиемен Қытайдан Үндістанға сапар шегеді. Ол ең алдымен Қытай мәдениетін бастық үлгімен байланыстыратын жаңалықтарға көбірек назар салған болатын. Осының негізінде Чан-Аньнан өтіп, атақты Гоби шөліне жетіп, Дунхан арқылы Тянь- Шаньнің солтүстік бөктеріндегі мұзды тауларға жеткен екен. Кейбір жазбаларға сүйенсек, дәл осы жерден Сюань-Цзань зеріттеушілері, көк мөлдір көлге жетті - деген дерек бар. Тарихшылардың зеріттеуі бойынша, бұл атау Ыстық көлге тиесілі екен. Міне осы тұстан бастап олардың Орта Азияға, соның ішінде Қазақстан жеріне қадам басқанын айта кетпеске болмас. Осының негізінде еліміздегі негізгі керуен жолдарына оралсақ.

Ең бірінші: Ташкенттен басталып, Испиджабқа өтіп, осы тұстан керуен жолдары Шараб, Бухухет, Керуен-сарай, Абарадж атты тармақтарға бөлініп кетеді. Ең үлен қаласы Талас алқабындағы « Джувикат» болып табылады. Бұл, сонау VI ғ бастап Джамукат атты бұхара соғдысының атыммен аталған болатын. Ең қызығы, сол уақытта Таразға жететін жалғыз жол осы «Джувикат» қаласы арқылы өтеді екен.

Екінші: Испиджабтан Шарабқа дейінгі аумақты алып қарасақ, бұл жерден Бадухадқа дейін жете аламыз. Екі аралықта екі почта бекеті бар екен. Одан өтіп 10 күндік жолдан соң Тамаджа арқылы Бараджхқа жетіп, жарты күндік жолды Шауғарға өткізіп, Таразға жетуге болады. Бұл кейіннен ашылған негізгі жаңалықтың бірі болып табылды.

Үшінші: Тараздан өтетін аумақтарға тоқталсақ. Осы тұста Горханға дейін 3 күндік жер. Одан әрі Ақыртас арқылы Құлшбұқа мен Жұлшбұқа аумақтарына жек 4 күндік жол арнайды. Осы арқылы Аспар, Нүркет, Қаражуан аумақтарын басып өтіп, Түргеш хан қаласына жетеміз де, Қытай шекарасындағы жоғарғы Бараханға табан тірейміз.

Ұлы Жібек жолының Қазақстандық бөлігінің көпшілігі Испиджабтан бастау алатынына көз жеткіздік. Бір сөзбен айтқанда «Испиджаб» қайнаған керуен жолының бастауы болып табылады. Жалпы аумағы, Шығысында Талас Шу, Солтүстік-батыстан Сырдарияның орта ағысына дейінгі аралыққа ұласып жатыр. Бұл қалаға Ұлы Жібек жолының тауарлары шамамен батыс беттен қалаға кіргізілген. Тауарларының көпшілігі шығыс елдерінен тасымалданады. Ал солтүстік қақпа арқылы енген керуен жолдары Сырдария бойындағы Отырар, Сайрам, Янгикент қалаларына жол тартады екен. Бұл дегеніміз - керуен жолдарының ең ірі салалары солтүстік бөлігінде орналасқан - деген сөз. Испиджаб қаласы ерекше географиялық орынға айналған аумақ болып табылады. Испиджаб қаласы өз заманының нағыз даму сатысынан өткен, өте кең ауқымды орын алған, ежелгі қаланың айқын көрінісі екені даусыз. Көбінесе түркі тарихшылары бұл қала туралы көптеген мағұлматтарды қалдырып кеткен болатын. Олардың көпшілігінде мәдени ошақтардың негізгі салалары туралы айтылған.

Испиджаб пен Отырар сол заманның ең ірі қалалары болғандықтан, сауда орындарының басым бөлігі шоғырланған. Жібек жолының халықаралық сауда жолы екенін зерттеудің маңызды, әрі сирек олжасы – Отырардан табылған күміс ақша мен заттар көмбесі болып саналады. Көмбедегі тиындардың жиыны таң қаларлық. Ол жерде Шығын Түркістан қалалары – Алмалық, Пулат, Эмиль (Еміл), Орда әл-Азамның; Еуропалық Қырымның; малазиялық Сива, Кони Тебриздің; Қазақстандық Жент қалаларының ақшалары жинақталған. Ақшалар XIII ғасырдың 60-жылдары жиналса, ал соғылған уақыты XII ғасырдың 40-60 жылдары. Заттардың ішінен, әсіресе, күмістен жасалған ұйғыр жазуы бар құрама белдік жапсырмаларының; ортаазиялық бұрама білезіктердің, поволжиялық өрме білезіктердің, Кіші Азия қалалары шеберханаларының бірінде жасалған белдік айылбастарының теңдесі жоқ. Көмбе моңғол империясы кезіндегі Жібек жолында орналасқан қалалардың көрсеткіші іспетті [1, 41 б.].

Отырар – арғы тарихы екі мыңжылдықтан асатын, ең көне қалалардың бірі. Жазба деректер негізіне сүйенсек шамамен IV ғ. пайда болған – деседі. Алғашында Отырар қаласы «Фараб» - деп аталған. Бастапқы кездері қаланың даму сатысы өте баяу түрде жүзеге асқан болатын. Алайда IX ғ. Басында қаланың даңқы арта бастады. Араб жылнамаларында: « Фараб қаласы қазіргі Араб халифатының ең күшті жауларының бірі. Ол күн санап өсіп, нығайып келеді» - деп қауіптен жазған екен. Уақыт өте келе Фараб қаласының қалалық дәрежесі артып, үлкен тарихи аумаққа айнала бастады. Қалада арнайы сауда орталықтары мен білім беру жүйесі қалыптасып, мәдениеттің алтын діңгегіне айналды.

Міне, Отырар қаласының Ұлы Жібек жолы заманындағы негізгі орыны мен дәрежесінің қандай болғанын осыдан ақ аңғаруымызға болады. Менің ойымша Отырар, ең бірінші: Фарабидей даналаларды дүниеге әкелген, киелі орын саналса, екіншіден мәдени ошақтың биігі іспеттес. Шынымен де өз заманының нағыз қызу тіршілігіне ат салысқан, Отырар қаласының тұғыры тарих сахнасынан жоғалады- деп кім ойлаған. Осы тұста Шыңғыс ханның жорығын айтып өтпеске болмас. Тек Отырар ғана емес, жібек жолының оңтүстік бөлігіндегі қалалардың көпшілігі Шыңғыс ханның Батысқа жорығының әсерінен тып-тыйпыл болғанын бәріміз білеміз. Осының әсерінен қазіргі күні тек қана орыны ғана қалып, жер сипап отырғанымыз белгілі. Ал бағанадан бері тілге тиек етіп отырған, ежелгі заманның көне қалалары өз уақытында экономкалық тұрғыда қандай пайда тигізді?

Жібек жолының Қазақстан территориясындағы келесі өткен қаласы Тараз болды. бұл жайында С.А.Байтілен «Ұлы Жібек жолы және Тараз» атты мақаласында мынандай дерек берген: «Тараз қаласы YII ғасырда Ұлы Жібек жолы бойында маңызды роль атқаратын ірі қалаға айналды. Қала туралы деректер ежелгі шежірелерде және географиялық шығармаларда көп» [2, 18 б.].

Соғыс өрті қайнап, өзендер ағысын өзгертіп, теңіздер кеуіп жатса да, Ұлы Жібек жолы өзінің таңғаларлық тауаларымен, кейде әртістерінің өнерлерімен және тамаша адамдардың өзара кездесулерімен жалғаса берді. Ұлы жол таланттарды туғызбай қоймады. Себебі, бұл жер мен жер жүзінің барлық адамдары жүріп өтетін жол. Жолды сауда ағыны –десе болғандай еді. Озық ойлар мен пікір алмасулар, географиялық жаңалықтар, жерді игерудің жолдары мен әдіс тәсілдері, қалалар салу, сәулет өнері т.б жөніндегі пікір алмасулар жүріп жататын. Өртүрлі халық бұл жерге өз өлеңдерін , әндерін, билерін ала келетін. Нәтижесінде адамзаттың мыңдаған жылдар бойы жинаған тәжірбиелері байи түсті.

Рас, Ұлы Жібек жолының көптеген мүмкіндіктерге жол ашқаны анық. Әсіресе экономикалық тұрғысынан, соның ішінде Қазақ жерінің экономикасының дамуына көп септігін тигізді. Соның бірнешеуіне тоқталсақ.

1. Сауда орталықтары ашылды.

2. Ақша немесе айырбас айналымы дамыды.

3. Ішкі және сыртқы географиялық ортамен байланыстар ұлғайды.

Жалпы әрбір даму саласының белгілі бір атауы, берер мағынасы болады. Осы тұста эканомика сөзінің терең мәніне тоқталсақ. Экономика дегеніміз- қоғамның тиімді дамуына жол ашып, ел мен жердің өркендеуіне жол ашатын, бағыт беретін ғылым саласы. Алайда, бұл қаржылық жүйеде немесе сыртқы ортамен қарым-қатынас жүйесінде болсын өз алдына даму сатысынан өтіп жатқан үздіксіз құбылыс болып табылады. Ал сол замандағы керуен сарайлар мен дамыған қалалар қаржылық жағынан да, үздіксіз қарым-қатынас жағынан осалдық танытпағаны анық.

Көшпенді дала мен отырықшы аудандардың өзара қарым-қатынасы Ұлы Жібек жолының арқасында күшейіп, көшпенді мен отырықшы-егіншілік мәдениеттер бір-бірін өзара байытуға септігін тигізді. Отырықшы қалалықтар мен көшпенді тайпалар бірін-бірі түсінуі нәтижесінің барысында адамзаттың алуан түрлі ежелгі мәдениетінің ішіндегі өзіндік мәдениетті құрды [3].

Ұлы Жібек жолының бойындағы мемлекеттердің, соның ішінде еліміздің экономикалық тұрғыдан дамуын жеделдетті. Ендігі кезекте сол тауар жүйесін дамытатын, эканомикалық айналымды нығайтатын ақша айналымына назар салсақ.

Сауда айырбас жағдайында немесе ақша арқылы жүреді. Сауда жолының қалалармен елдер арасындағы сауда байланысын дамытан кезі әсіресе, X-XII ғ тұсы еді. Бұл кездегі сауданың дамығандығын, ақша айналымының болғандығын байқауымызға болады. Ірі қалаларға жүргізілген қазба жұмыстары барысында олардың алтын, күміс, қола сияқты металдан жасалған теңгелер болғандығын көрсетеді.

Алайда айырбас сауданың басым болғаны анық дүние. Мысалы далалы өңірлерден ауыл шаруашылық өнімдері астық, ет, сүт, тері, жүн өнімдері әкелінсе, қалалы өңірлерден керамика және шыны ыдыстар, зергерлік әшекей бұйымдар жіберіліп отырған.

Әл Масидидің жазбасына қарасақ «Шаштан басқа елдерге сүйекпен қаптап, күміс жалатқан ерлер, жебе салатын қорамсақтар, шатырлар шығарылса, ал мұнда түркілердің былғарыда бағалы терілері әкелінген. Ол сондай ақ Ферхана мен Испиджабта ақ маталармен, Таразда ешкі түбіттерімен айырбас сауда болғанын» айтады. Бұл тұрғыда қазақ жерінде де ақша айналымының болғандығын, кейбір хандардың өз есімімен аталған металл тиындардың бар екендігі де рас дүние. Одан бөлек әрқайсы да, өз заманында сауда –саттық қызыметін атқарып тұрды. Соның дәлелі ретінде тиын ақшалардың біразы қазба жұмыстары барысында кездескені де шындық. Алайда қанша айтқаны мен айырбас сауда дәуренінің болғанын мойындауымыз керек. Себебі, бұл қазақ қоғамында ежелден қалыптасып келе жатқан , әдіс-тәсілдердің бірі болып табылады. Төрт түлік малы тасқан қазақ шаруаларына ақшалай сауда жасағаннан, қолма-қол малын шығара салғаны тиімді болды. Алайда мұның пайдасымен қатар зиянды тұстары да, өте көп

Ең бірінші: Екі арада әділетсіздік орын алып, теңдік жойылады. Себебі, айырбас сауда кезінде белгілі бір тауардың құнынан 2-3 есе көп мүлік беріледі.

Екіншіден: Бұл көбінесе сатып алушының емес саудагердің қалтасына үлкен пайда түсіргендіктен, ел арасында беделі артып, құмарлықтың жетегіне еріп кеткені де болды.

Ал ақша айналымының жағымды тұсы екі жаққа да бірдей келісім жасалып, тауардың нақты құны белгіленеді. Бұл жағдайды екінші жақпен қарастырсақ, заманда қазақ қоғамында төрт түліктің саны өте көп болғандықтан, оның үстіне халықтың ақша айналымынан хабары болмағандықтан, олар үшін бұл дүние белгілі бір жаңалық сияқты болып қала бергені де өтірік емес. Жалпы алғанда Ұлы Жібек жолының ақша мен айырбас сауда айналымының негізгі көріністері осындай. Бұл тұрғыда экономикамыздың сәл болса да көтерілгені анық. Оған мына дүниелер де дәлел бола алады.

Бірінші: Қалалар пайда болды. Сол қалаларды мекен ететін халық, күнкөріс қамы үшін әрекет етті. Сауда-саттықпен, қол өнермен т.б жұмыс жасады. Соның негізінде қызу тіршілік орын алып, еңбек саласы артты.

Екінші: Тауар айналымы жақсарды. Өз ішімізде сауда жасап, қаржы айналымының дамуына ат салысты.

Үшінші: Елімізге шет аумақтардан тауар жүйесі енгізіліп, сол заманда-ақ дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

Егер сенің тұрақты географиялық аумағың, қолдан келер кәсібің мен шет аумақтарды бағынырып жатсаң, даму мен гүлдену сатысы үздіксіз жүріп жатса, дипломатиялық қарым-қатынасты жүйелі түрде орнатсаң, эканомикалық немесе саяси тұрғыда болсын, дамудың алдыңғы сатысында орын алғаның болып табылады. Ал сол замандағы мәдени қалалар осы жүйелердің

бәрінен өтіп, атауы сол қалпында сақталған. Міне, Ұлы Жібек жолының қазақ жерінің дауына қосқан негізгі үлесінің бір легі осы. Сол көне қалалардың қазіргі күні географиялық орыны қалмасада, қазба байлықтары арқылы тарихта қалды. Ал, бұл сізбен бізге ортақ тағы бір тарих.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Байпақов Қ. Қазақтың ежелгі қалалары. Алматы: Аруна Ltd, 2005. – 316 Б.
2. Байтілен С.А. Ұлы Жібек жолы және Тараз / «Великий Шелковый путь – диалог культур Востока и запада» Сборник материалов международной научно-теоретической конференции. Астана – 7.09.2005.
3. Ақымбек Е. Ұлы Жібек жолы 9 - Қаңтар, 2014 ж. / <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=17652>